

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы № 278 шешімі

Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Сүйінтаева

2025 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 278 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	380,30
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	1088,77
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	306,69

4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	306,69
5.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	36,80
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	759,03
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	2169,52
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	597,66
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	597,66
11.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-